

Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялар нормаларын (1 гектарға және (немесе) 1 тоннаға) бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 16 тамыздағы № 554 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 25 тамызда № 5587 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 16 мамырдағы № 788 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 16.05.2017 № 788 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа датауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 11094 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі және субсидиялар нормалары (1 гектарға және (немесе) 1 тоннаға) бекітілсін.

2. "Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы "16" тамыз
№ 554 қаулысымен бекітілген

Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі және субсидиялар нормалары (1 гектарға және (немесе) 1 тоннаға)

p/c	Басым дақылдардың тізбесі	Бір гектарға субсидия нормасы, теңге
1	Күріш	17876
2	Дәндік жүгері	22500
3	Ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылап суару жүйесін қолдана отырып өсіретін дәндік жүгері	63900
4	Майлы дақылдар	15000
5	Картоп	35100
6	Ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылап суару жүйесін қолдана отырып өсіретін картоп	88029
7	Көкөністер	21186
8	Ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылап суару жүйесін қолдана отырып өсіретін көкөністер	90679
9	Бақшалық дақылдар	15000
10	Ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылап суару жүйесін қолдана отырып өсіретін бақшалық дақылдар	86423
11	Қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдары (фермерлік жылыжайлар) (екі дақыл айналымы)	3000000
12	Сүрлемдік жүгері	23040
13	Ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылап суару жүйесін қолдана отырып өсіретін сүрлемдік жүгері	64311
14	Бірінші жылғы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	16362
15	Екінші және үшінші жылғы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	8152